

Ешенкулова Динара Бауыржановнаның 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына
АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру

Зерттеудің мақсаты: Жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент негізінде тексеру.

Зерттеудің міндеттері:

– «оқушылардың өздік оқу іс-әрекеті», «оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқару» ұғымдарының мәнін нақтылау;

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың мәні мен мазмұнын анықтау;

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін жасау;

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың әдістемесін жасау және тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

Зерттеу әдістері: философиялық, психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік еңбектерге теориялық талдау жасау, жоғары педагогикалық оқу орындарының нормативтік құжаттарын зерттеу, оқу процесін бақылау, жалпы білім беретін мектептердің озық тәжірибелерін талдау, әңгімелесу, тест, сауалнама жүргізу, сараптау, нәтижелерді жүйелеу, статистикалық өңдеу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

Оқушының өздік оқу іс-әрекеті дегеніміз, «оның белгілі бір пән аясында мұғалімнің жетекшілігімен өздігінен ізденіп шығармашылық процесте орындайтын жұмыстарындағы тұлғалық сапасы, білімі мен білігінің дамуы көрініс табатын танымдық әрекеттері». Ал, *«оқушының өздік оқу іс-әрекетін басқару»* – оның сабақта, сабақтан тыс шығармашылық процесте өздігінен орындайтын жұмыс барысындағы танымдық әрекеттерін бақылау, субъективтілігін дамыту мен мақсатқа сай өніміне нәтижелі қол жеткізуін ғылыми негізде ұйымдастыру».

– *«оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығы дегеніміз»* – оның аталған процеске қойылған талаптарды нәтижелі жүзеге асыруға арналған жеке-тұлғалық қасиеттері, кәсіби-педагогикалық білімі мен басқарушылық білігінің кіріктірілген біртұтас құрылымының дайын күйі». Бұл біздің зерттеуде психологиялық, теориялық, практикалық даярлықты құрайды. Әрбір даярлық құрамы зерттеу пәніне сәйкес болашақ мұғалімнің аталған процессті жүргізуге даяр күйін көрсететін сапаларының болуын айқындайды: психологиялық – түрткі, сенімділік, белсенділік, рефлексия; теориялық – кәсіби педагогикалық, менеджерлік білімдер; практикалық – басқарушылық біліктер, дағдылар.

– зерттеудің тиімділігін айқындайтын психологиялық-педагогикалық шарттар – аталған процестің тиімді жүзеге асуында сақталатын *шартталған тұжырымды қағидалар* (оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқару пәні тұрғысынан қарастыру; кәсіби-педагогикалық және менеджерлік білімдердің кіріктірілуінде меңгерту; басқаруды ғылыми негізде ұйымдастыру; психологиялық-теориялық-практикалық даярлық кезеңімен және субъект-субъектілік, өзара әрекеттестік сұлбасымен жүзеге асыру) және нәтижелігін қамтамасыздандыратын *іс-шаралар* жиынтығы (психотехнологиялық бағдарлама; элективті курс; жаттығулар жүйесі; «Цифрлық сауаттылық» клубы іс-шаралары бағдарламасын жасау және практикаға ендіру, педагогикалық практика мүмкіндіктерін пайдалану).

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімнің даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі *тұжырымдамалық* (мақсаты, басқару пәнінің мазмұны, даярлық құрамы, әдіснамалық тұғырлары), *технологиялық* (қалыптастыру процесінің мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, кезеңдері), *бағалаушылық* (өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері) бөліктерінің бірлігін қарастырады.

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімнің даярлығын қалыптастырудың диагностикасын; психологиялық даярлығында психотехнологиялық бағдарламаны; теориялық даярлығында элективті курс; «Цифрлық сауаттылық клубының іс-шаралар бағдарламасын, практикалық даярлығында жаттығулар жүйесін және педагогикалық практика мүмкіндіктерін пайдалануды онлайн-офлайн аралас оқыту формасымен, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданып жүзеге асырғанда нәтижелі болады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, «оқушылардың өздік оқу іс-әрекеті», «оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқару» ұғымдарының мәні нақтыланып, құрылымдық сипаттамасы жасалды, жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқару мәселесі психологиялық-педагогикалық проблема тұрғысынан зерттеліп, негізделді.

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың мәні мен мазмұны анықталып, оларға ғылыми негізді сипаттама берілді.

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын тиімді қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары айқындалып, аталған даярлықты қалыптастыруды нәтижелі жүзеге асырудың тұжырымдамалық, технологиялық, бағалаушылық құрамдары қамтылған құрылымдық-функционалдық моделі жасалды;

– жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастырудың әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, ұсыныстар берілді.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығы:

Автордың қол жеткізген нәтижелері әдіснамалық ұстанымдарымен, теориялық және эмпирикалық әдістерді пайдалануымен, зерттеу міндеттерінің және мазмұнының логикалық байланысымен; алынған тәжірибелік-эксперимент

нәтижелерінің статистикалық өңделуімен; болжамының расталуымен айқындалады.

Бірінші ғылыми нәтиже негізділігі – зерттеу проблемасына қатысты отандық, шетелдік әдебиеттерге талдау жасау негізінде оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқару ұғымына авторлық анықтама берілуімен және психологиялық-педагогикалық аспектілерінің негізделуімен сипатталады;

Екінші ғылыми нәтиженің маңыздылығы жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімдердің психологиялық, теориялық, практикалық даярлығын қалыптастыру процесінің мәні мен мазмұнының ғылыми негізді сипатталуымен айқындалады.

Үшінші ғылыми нәтиже зерттеу болжамын дәлелдеуге септігін тигізетін жоғарыда көрсетілген психологиялық-педагогикалық шарттардың айқындалуымен, аталған қалыптасудың өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлерінің анықталуымен, тиімділігін арттыратын құрылымдық-функционалдық модельдің жасалуымен дәйектеледі.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі автордың жасаған жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға болашақ мұғалімнің даярлығын қалыптастыру әдістеме мазмұнының бағыттылық, білімділік, біліктілік кезеңдермен тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, оң нәтиже беруімен дәлелденеді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Жаңа Қазақстан жағдайында білім беру жүйесін жаңғырту үдерісі – білім мазмұнының сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, жаңа технологияларға педагогикалық көзқарас қалыптастыру, бәсекеге қабілетті маман даярлау, мектеп оқушыларының шығармашылық ойлауын дамыту, білім алушылардың өзін-өзі дамыту, өзін-өзі ұйымдастыру белсенділіктеріне бағытталған кешенді шаралардан талап етіледі. Сондай-ақ, бәсекеге қабілетті мемлекет болу бүгінгі ұрпақтың дамуынан, отбасынан, мектепке дейінгі және жалпы орта білім беретін ұйымдардың қазіргі оқушыларды жан-жақты білімді, білікті етіп қалыптастырудан, оларды жеке шығармашыл, өзіндік ой-пікірін дамытудан талап етіледі. Ал бұл болса, оларды тәрбиелейтін болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының жетілдірілуін қажет етеді.

Маманның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мемлекеттік бағдарламасында негізгі міндеттердің бірі, болуы да сондықтан. Сондай-ақ, осы бағдарламада ұлттық негізді сақтай отырып қоғамдық сананы қалыптастыру көзделген.

Ал, қоғамдық сананы қалыптастыру өскелең ұрпақтың санасын дамытулан басталады. Оны жүзеге асыру оқушылардың өздік ойлауын, өздік іс-әрекетін ұйымдастыруын, өздік шешім қабылдауын, яғни өздік білім алуы мен өздік іскерлігін дамытумен тікелей байланысты. Оны нәтижелі жүзеге асыру білім беру сапасының деңгейінен талап етіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізгі міндеттерінің бірі – «барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру» болып табылатындығы.

Білім алушылардың, соның ішінде мектеп оқушыларының білім сапасын

арттырудың негіздерінің бірі – болашақ мұғалімнің оқушыларды, сыныпты және олардың білімі мен жан-жақты дамуын тиімді басқаруынан талап етіледі. Ал, оқушылардың білім деңгейінің жоғарылауына және жан-жақты дамуына олардың өздік оқу іс-әрекетінің ұйымдастырудың сапасын арттыру қажеттілігі туындайды. Бұл болса, болашақ мұғалімнің оқушылардың өздік іс-әрекетін басқаруға даярлығының қалыптасуын қажет етеді. Осы тұрғыдан болашақ мұғалімді даярлауда жоғары оқу орны білім беру жағдайындағы мүмкіндіктерді пайдаланудың және олардың оқушының іс-әрекетін басқаруға даярлаудың қажеттігі артады.

Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі)

Диссертация тақырыбы бойынша 9 ғылыми мақала жарияланды. Соның ішінде 1 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 3 мақала Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 5 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 2 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

1. *Technology for forming students' ability to manage independent educational activities*// Cypriot Journal of Educational Science, 2022, Vol.17, Iss.4 – P 1106-1116 // <https://www.un-pub.eu/ojs/index.php/cjes/article/view/7099> (Co-authors: Abdigapbarova U., Kassimbekova B., Muratbaeva G., Kastayev S., докторанттың үлесі-75%). Мақалада болашақ мұғалімдердің жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқаруға даярлығын қалыптастырудың моделі, авторлық әдістемесі, эксперименті ұсынылды.

2. *Самостоятельная работа как способ самоорганизации учебной деятельности школьников*// Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршы журналы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1 (66), 2020, 269-274 б./ http://sp.kaznpu.kz/docs/jurnal_file/file20200513031424.pdf (Қосалқы авторлар: Шалабаева Л.И., Умирбекова А.Н., докторанттың үлесі-80%). Оқушылардың өздік оқу іс-әрекетінің мәні ашылады.

3. *Оқушының өздік оқу іс-әрекетінің мәні мен құрылымы*// «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», педагогикалық ғылымдар сериясы, 2020, №4\4. 127-130 б./ <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/84/84> (Қосалқы автор: Абдигапбарова У.М., докторанттың үлесі-80%). Оқушының өздік оқу іс-әрекетінің құрылымы мен мазмұны анықталады.

4. *Оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін ғылыми-әдістемелік басқару*// «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», Халықаралық ғылыми журнал, Педагогикалық ғылымдар сериясы, 2020, №6. 150-154 б. <https://www.naukaizhizn.kz/index.php/journal/article/view/104/104> (Қосалқы автор: Абдигапбарова У.М., докторанттың үлесі-80%). Оқушының өздік оқу іс-әрекетін ғылыми-әдістемелік басқарудың құрамдас бөліктеріне сипаттама беріледі.

5. *К вопросу сущности самостоятельной учебной деятельности учащихся старших классов* // Материалы Международной научно-практической интернет-конференции «Тенденции и перспективы развития науки и образования в условиях глобализации», Переяслав, 2020, Вып. 58. С. 158-163. <https://drive.google>.

com/file/d/15Ox-0uC6gnKcC5PriqTdkW_W_W_VfoBV/view (Қосалқы автор: Абдигапбарова У.М., докторанттың үлесі-80%). Мақалада қазіргі білім беру жағдайында жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетін басқарудағы оқушы мен мұғалімнің оқу-танымдық өзара әрекеттесу процесі қарастырылады.

6. *Жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетінің мәнді сипаты* // «Жоғары мектептердің ғылымы 2020» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, «Мирас» Университеті. Шымкент, 2020, Том 2. 261-267 б. (Қосалқы автор: Абдигапбарова У.М., докторанттың үлесі-80%). Жоғары сынып оқушыларының өздік оқу іс-әрекетінің түрлері мен ерекшеліктеріне мазмұндық сипаттама беріледі.

7. *Научно-методическое управление самостоятельной учебной деятельности учащихся* // И.Арабаев атындағы ҚМУ хабаршысы. Арнайы шығарылым: «Инклюзия үшін бірге!» халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция, Бишкек 2020, 52-58 б. (Қосалқы авторлар: Абдигапбарова У.М., Сагындыкова Э.У., докторанттың үлесі-80%). Оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін ғылыми-әдістемелік басқарудың сипаттамасы берілген.

8. *Особенности самостоятельной учебной деятельности учащихся* // «Әуезов оқулары-17: Әлемдік кеңестіктегі ғылым мен руханияттың жаңа серпілістері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері, Шымкент 2019. 3-6 б. (Қосалқы авторлар: Абдигапбарова У.М., Досай А.К., докторанттың үлесі-80%). Мақалада оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқаруда олардың дербестігін дамыту мәселесі қарастырылады.

9. *Болашақ мұғалімдердің оқушылардың өзіндік жұмыстарын орындауға даярлығын қалыптастыру* // «Жаратылыстану және жаратылыстану-ғылыми білім берудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Кызыл-Орда. 2019, 305-308 б. (Қосалқы авторлар: Сихынбаева Ж.С., Сикымбай Қ.С. докторанттың үлесі-80%). Мақалада болашақ мұғалімнің оқушылардың өздік оқу іс-әрекетін басқару ерекшеліктері нақтыланады.